

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Ғылыми кеңесінің

2025 жылғы 30 қазандағы

ҚАУЛЫСЫ

Инжиниринг және жоғары технологиялар кластерінің бас директоры **Өміржан Жалғасбекұлы Тәукебаевтың** «Инжиниринг және жоғары технологиялар кластерінің даму концепциясы туралы»; Стратегиялық даму орталығының директоры **Василина Гулзира Кажмуратовнаның** «Университетті халықаралық рейтингтерде алға жылжыту мақсатында 2025-2026 оқу жылындағы жетілдірілген индикативтік көрсеткіштерді бекіту туралы» баяндамаларын тындап, талқылай келе, Ғылыми кеңес

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Инжиниринг және жоғары технологиялар кластерінің бас директоры **Ө.Ж. Тәукебаевтың**; Стратегиялық даму орталығының директоры **Г.К. Василинаның** баяндамалары назарға алынсын.

- «Инжиниринг және жоғары технологиялар кластерінің даму концепциясы туралы» баяндамасы бойынша:


№	Тапсырма	Орындаушы	Мерзімі
1	«ҚазҰУ-дың ғылыми-инновациялық дәлізі» тұжырымдамасы дайындалсын.	М.Қ. Ибраимов	30.11.2025
2	Инжиниринг және жоғары технологиялар кластерінің ережесі жаңартылсын.	О.Ж. Таукебаев	31.12.2025
3	Кластер жанынан «Farabi FabLab» прототиптеу орталығы құрылып, оның ережесі бекітілсін және орын қарастырылсын.	Қ.Т. Тастамбек, О.Ж. Таукебаев	31.12.2025
4	Технологиялық дайындық деңгейлері бойынша 102 жоба талданып, TRL негізінде жобаларды коммерциаландыру жоспары жасалсын.	Т. Азатұлы	30.11.2025
5	Бизнес-инкубатор жобасы іске қосылсын.	Т. Азатұлы	31.12.2025
6	Суперкомпьютер базасында «ҚазҰУ-дың цифрлық егізі» жобасы әзірленсін.	О.Ж. Таукебаев, А.А. Темирбаев	31.12.2026

- «Университетті халықаралық рейтингтерде алға жылжыту мақсатында 2025-2026 оқу жылындағы жетілдірілген индикативтік көрсеткіштерді бекіту туралы» баяндамасы бойынша:

6	2025-2026 оқу жылына арналған негізгі көрсеткіштер мен жоспарланған мәндер ОПҚ құрамына жеткізілсін. Индикативті көрсеткіштерге және тікелей нәтижелерге үнемі және уақытылы қол жеткізу қамтамасыз етілсін. Академиялық және жұмыс беруші сарапшылармен үздіксіз өзара әрекеттесу күшейтілсін.	Факультет декандары мен кафедра меңгерушілері	31.11.2025
7	Университет оқытушыларының жариялау белсенділігін арттыру үшін кәсіби даму	Қ.Т. Тастамбек	үнемі

	семинарлары, шеберлік сабақтары және вебинарлар өткізілсін. Оқытушылар мен ғылыми-зерттеу институты қызметкерлерінің жарияланған ғылыми жобалар байқауларына белсенді қатысуы қамтамасыз етілсін.		
8	Цифрлық білім беру ресурстарын, соның ішінде жасанды интеллектіні пайдаланатын ресурстарды әзірлеу және пайдалану бойынша оқытушыларға арналған оқыту семинарлары мен вебинарлар ұйымдастырылсын. «ҚазҰУ-дың білім беру бағдарламаларын жаңғырту тұжырымдамасына» сәйкес білім беру бағдарламалары жаңартылсын.	Б.Қ. Рахымбекова	31.02.2026
9	Халықаралық бағдарламалар мен жобалардың онлайн платформалары мен веб-сайттарына үздіксіз мониторинг жүргізілсін. Бағдарлама мен жобалардың мерзімдері туралы ақпараттың уақытылы таратылуы қамтамасыз етілсін.	Е.Т. Өміржанов	үнемі
10	Индикативті жоспардың әрбір көрсеткішін орындау бойынша нұсқаулық дайындалып, факультеттерге таратылсын. Индикативті көрсеткіштердің орындалуы үнемі бақыланып отырсын.	Г.К. Василина	31.11.2025 үнемі
11	Факультет деңгейінде оқыту, зерттеу және әлеуметтік жұмыс арасындағы рейтингтік баллдардың біркелкі, синхронды корреляциясын қамтамасыз ету үшін нақты және бақылау мәндерін шектеулі енгізу мүмкіндігі әзірленсін. Факультет деректері жүйеге енгізіліп, расталған кезде баллдардың автоматты түрде қойылуы қамтамасыз етілсін.	Ғ.Т. Сариев	31.12.2025

Ғылыми кеңес төрағасы



Ж.Қ. Түймебаев

Ғалым хатшы



М.Қ. Мәмбетова